

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОСЫМША БІЛІМ БЕРУ ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК ОРТАЛЫҒЫ**

**БАСПАСӨЗ ХАБАРЛАМАСЫ**

**ҚОСЫМША БІЛІМ БЕРУ ПЕДАГОГТЕРІНІҢ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ  
БІЛІКТІЛІКТІ АРТТЫРУ КУРСТАРЫ**

Ақтөбе қаласы

2014 ж. 14-23 мамыр

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы қосымша білім беру ұйымдарының педагогтері үшін «Ғылыми-техникалық бағыт бойынша қосымша білім беру ұйымдары балаларының техникалық шығармашылығын дамыту» тақырыбындағы республикалық біліктілікті арттыру курстарын 2014 жылғы 14-23 мамырда Ақтөбе қаласындағы Техникалық шығармашылық орталығының базасында өткізілді.

Ұсынылып отырған біліктілікті арттыру бағдарламасы балаларға ғылыми-техникалық бағыттағы қосымша білім беруді дамыту мен одан әрі жетілдіруге қатысты негізгі сұрақтарды қамтыды. Курсқа Республиканың барлық өңірлерінен 50 тыңдаушы қатысты.

Курс бағдарламасы блок-модульдік тұрғыда қамтылды. Дәріс және практикалық сабақтар мемлекеттік және орыс тілінде жүргізілді. Сабақтарды Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университетінің ғылым докторлары мен кандидаттары және Техникалық шығармашылық орталығының әуемодельдеу, кеме модельдеу, робототехника және бағдарламалау бойынша қосымша білім беру педагогтері өткізді.

Ғылыми техникалық бағыттағы педагогтер үшін Орал қаласы Назарбаев зияткерлік мектебінің робототехника маманы Прагасен Найдун шеберлік сынып өткізді.

Курс соңында тыңдаушыларға жобаларды сәтті қорғағаннан кейін біліктілікті арттыру курстарын өткендігі жөнінде куәліктер табысталды.

Қосымша білім беру педагогтері курстың ұйымдастырылуына разылығын білдірді, сабақтардың тәжірибеге бағдарланғанын және танымдық сипатын атап өтті, робототехника бойынша қосымша біліктілікті арттыру курстарына қатысуға ниет білдірді.